Қазақстан Республикасы
Білім және ғылым министрінің
2018 жылғы 20 қыркүйектегі
№ 469 бұйрығына 71- қосымша

Қазақстан Республикасы
Білім және ғылым министрінің
2013 жылғы 3 сәуірдегі
№ 115 бұйрығына 511-қосымша

# Сөйлеу тілінің күрделі бұзылыстары бар білім алушыларға арналған негізгі орта білім беру деңгейінің 5-10 сыныптары үшін «Сөйлеу тілінің даму кемшіліктерін түзету» пәнінен жаңартылған мазмұндағы үлгілік оқу бағдарламасы

## 1-тарау. Жалпы ережелер

1. Сөйлеу тілінің күрделі бұзылыстары бар білім алушыларға арналған негізгі орта білім беру деңгейінің 5-10 сыныптары үшін «Сөйлеу тілінің даму кемшіліктерін түзету» пәнінен жаңартылған мазмұндағы үлгілік оқу бағдарламасы (бұдан әрі – Бағдарлама) «Білім туралы» 2007 жылғы 27 шілдедегі Қазақстан Республикасы Заңының 5-бабы 6) тармақшасына сәйкес әзірленген.

2. «Сөйлеу тілінің даму кемшіліктерін түзету» пәнінің мақсаты- сөйлеу тілінің күрделі бұзылыстары бар білім алушылардың сөйлеу тіл құралдарын, қарым-қатынас, таным дағдыларын жетілдіру болып табылады.

3. Міндеттері:

1) сөйлеу тілі жеке дыбыстарын дұрыс айтуындағы және сөздердің дыбыстық-буындық құрылымын бұзылыстарын жою машықтандыру;

2) сөздік қорын анықтау, молайту, жүйелеу;

3) импрессивті және экспрессивті аграмматизмнің белгілерін түзету;

4) тұжырымдама элементтері бар ауызекі және сипаттамалы және нұсқаулы сөйлеу дағдыларын қалыптастыру және бекіту;

5) оқу мен жазуындағы жеке бұзылыстарын түзету;

сөздерді меңгеру негізінде айқын бірқалыпты, ырғақты сөйлеу тілін қалыптастыру;

5) қажетті ақпаратты алу және түрлендіру, сыни тұрғыдан ойлау қабілетін дамыту;

6) сөйлеу коммуникация процессінде вербальді дұрыс дағдыларын жетілдіру;

7) сын тұрғыдан ойлау, ақпаратты іздеу, қажетті ақпаратты алу және өзгерту дағдыларын дамыту;

8) қарым-қатынас құралы, білім көзі ретінде сөйлеу тілге саналы көзқарас қалыптастыру, қоғамға әлеуметтенуіне ықпал ететін мәдени капитал ретінде рухани-адамгершілік құндылықтарын қалыптастыру;

## 2 - тарау. Оқу процесін ұйымдастырудағы педагогикалық тәсілдер

4. Логопедиялық-түзету әрекеті педагогикалық стратегияларды қолдану арқылы өз-өзіне сенімді, мақсатты, қызығушылығы мен жауакершілігі мол және интеллектуалды дамыған, коммуникативті құзырлы тұлғаны қалыптастыру бағытталған:

1) әр білімалушының ойын тыңдап, қалыптасқан сөйлеу дағдыларын қолдану маңыздылығын мойындау;

2) мұқият түрде іріктеліп алынған коррекциялық тапсырмалар мен әрекет түрлерінің көмегімен ынталандыра және дамыта оқыту;

3) әр сабақта сөздік қарым-қатынасқа түсуге жағдай жасау;

4) сын тұрғыдан ойлау арқылы түзете оқытуға ықпал ету;

5) белсенді оқыту, білалушылардың іздену әрекеті мен элементтерін қолдау;

6) сөйлеу тілі күрделі бұзылған біліалушыларда сын тұрғыдан ойлау элементтерін дамыту;

7) өзбетімен мәтінмен танысуда «дамыдың жақын аймағында» жұмыс істеу, топта талқылау;

8) практикалық, шығармашылық әрекет;

9) іздену мен қосымша материалды қолдануды талап ететін тапсырмаларды орындау;

10) ізденушілік тәсіл ;

11) ойын әрекеті;

12) логопедиялық ықпалдың дәстүрлі және жаңа әдістері мен құралдарын ұштастыру;

13) сөйлеу тілі күрделі бұзылған білім алушыларды өз-өзін бағалаға және дамытуға ынталандыру үшін жағдай жасау;

14) білімалушылардың сөйлеу дағдыларына жүйелі мониторинг жасау.

5. Бағдарламада:

1) жалпы педагогикалық принциптер;

2) арнайы педагогиканың ерекшеленген принциптері: онтогенетикалық; этиопатогенетикалық;

3) арнайы тәсілдер:

тіл материалдарын бейімдеу, оқу маьериалдарын жеңілдету;

материалды полисенсорлы қабылдау;

тірек сигналдарды қолдану;

алгоритмдерді қолдану, берілген үлгі анықтамаларды айту;

ережелер мен нұсқауларды бөлшектеу;

әрекеттерге пікір білдіру;

тақырыптарды өту жылдамдығын оптимизациялау іске асырылады.

6. Сөйлеу тілі бұзылыстарын түзету келесі педагогикалық тәсілдерге негізделіп жүргізіледі:

1) құндылыққа бағдарланған тәсіл оқу қызметін ұйымдастыруды, білім алушының жеке құндылықтары жүйесін қалыптастыруды қарастырады;

2) адамгершілікке бағытталған тәсіл, оқу процесін дараландыру, білімалушының тұлғасының үйлесімді қалыптасуы мен жан-жақты дамуы, оның шығармашылық күштерінің толыққанды ашылуы, оның психикалық және физикалық дамуының жеке қасиеттерін, мінез-құлықтың қажеттіліктері мен мотивтерін, әлеуетті мүмкіндіктерін ескеруді көздейді;

3) әрекеттік тәсіл белсенділік тәсілі өз бетінше білімді меңгеруді, оқытудың мазмұны мен формасын түсінуді, оның нормаларының жүйесін түсіну мен қолдануды, білімді белсенді және табысты қалыптастыруды, кең ауқымды оқыту дағдыларын және дағдыларын меңгеруді көздейді;

4) дифференциалды тәсіл, олардың сипаттамаларын ескере отырып, оқытудың әртүрлі топтары үшін оқу үдерісінің мамандануын, оқытудың уәждемесіне әртүрлі тәсілдерді іздеуді, шығармашылық және сыни ойлауды дамытуды білдіреді;

5) құзыреттілік тәсілі, әлеуметтік тәжірибені пайдалануға негізделген әртүрлі салалардағы және әрекеттердегі мәселелерді өз бетінше шешуге үйрету қабілетін дамытуға бағытталған;

6) интегративтік тәсіл, аталған пәннің оқу пәндерімен пәнаралық байланысын қарастырады;

7) жүйелік тәсіл - білім алушылардың өз бетінше оқу іс-әрекетін ұйымдастыруға негізделген, әмбебап оқу қызметінің жүйесін қалыптастыруды және дамытуды қамтамасыз етеді;

8) коммуникативті тәсіл, екі немесе одан да көп адамның сөйлесу үдерісінде ақпарат алмасу мен байланысын, білімдерімен, дағдыларымен және қабілеттерімен алмасуды қамтиды; коммуникативті тәсілдің нәтижесі - басқалармен өзара әрекеттесу процесінде тілдік және сөйлеу нормаларының жүйесімен дұрыс байланыс жасап, қарым-қатынас жағдайына сәйкес коммуникативтік мінез-құлықты таңдай отырып тілмен қарым-қатынас жасау.

7. «Сөйлеу тілінің даму кемшіліктерін түзету» пәні әлем туралы ғылыми түсініктерінің қалыптасуына және ғылым негіздерін меңгеруге жалпы білім беру негізін қалайды.

8. Логопедиялық кабинеттің жабдықталуы сөйлеу тілі күрделі бұзылған білім алушылардың оқу-коррекциялық материалдарды тиімді меңгерудің қажетті шарты болып табылады: стационарлық айналар, логопедиялық зондттар, шпательдер, массажға арналған төсек, дәстүрлі дидактикалық

нысандар: жеке және топтық жұмысқа қажет үлестірмелі материалдар (карточкалар), суреттер, оқу, әдістемелік әдебиет, жұмыс дәптерлері, дәптерлер.

9. Оқытуда техникалық құралдар пайдалынады: мультимедиялық құралдар, интерактивті панель, блокнот, проектор, интерактивті тақта немесе экран, DVD жазылған видеофильмдер, компьютер ұшөлшемді аксессуарлардан құралған электронды ресурстар.

10. Дизартрия, ринолалия, сөйлем тілінің ырғақтылығы мен жылдамдығы бұзылған балалармен арнайы тыныс алу және дауыс жаттығуларын өткізген кезде дыбыстық сигнал беретін «Логопедиялық тренажер» пайдалынады.

11. Тұтықпасы бар, фразалық сөйлеу тілі жетілмеген білімадушылар сөйлеуге шектеу қойған кезеңде «Сөйлеу коммуникациясын дамыту және меңгерту» коммуникативті құрал қолданылады.

## 3 - тарау. «Сөйлеу тілінің даму кемшіліктерін түзету» оқу пәнінің мазмұнын ұйымдастыру

12. «Сөйлеу тілінің даму кемшіліктерін түзету»пәні бойынша оқу жүктемесінің көлемі:

1) 5-сынып – аптасына 8 сағат, оқу жылында – 272 сағатты;
2) 6-сынып – аптасына 8 сағат, оқу жылында – 272 сағатты;
3) 7-сынып – аптасына 6 сағат, оқу жылында – 204 сағатты;
4) 8-сынып – аптасына 6 сағат, оқу жылында – 204 сағатты;
5) 9-сынып – аптасына 4 сағат, оқу жылында – 136 сағатты;
6) 10-сынып – аптасына 4 сағат, оқу жылында – 136 сағатты құрайды.

13. Пәндік білімнің мазмұны коммуникативтік әрекеттер мен коммуникативтік дағдыларға негізделген. Коммуникативтік дағдылардағы оқу мақсаттары әр сынып деңгейіне сәйкес динамикалық даму бағытында жасалған.

14. Бағдарламадағы материал концентриялық қағиданы ұстанып құрастырылған.

15. Түзеу компонентін жоғары психикалық функцияларын, фонематикалық естуін, сөйлеу кезінде тыныс алуын, артикуляциялық және ұсақ моторикасын, сөйлеу тілінің қарқыны мен әуезділігін дамытуға арналған тапсырмалар мен жаттығулар қамтиды.

16. Әр сабақта міндетті түрде дыбыстарды машықтандыру, фонетикалық ұқсас дыбыстарды ажырату, сөйлеу моторикасын, фонематикалық қабылдау, талдау, жинақтау дағдыларын ары қарай жетілдіру жұмысы жоспарланады.

17. Фонетикалық ұқсас дыбыстарды ажырату жұмысы күрделі сөздік материал негізінде жүргізіледі. Фонематикалық талдау дыбыстарды тиімді машықтандыру мен ажыратуға, оқу мен жазудың бұзылуын алдан алуға ықпал етеді.

18. Бағдарлама оқыту мақсаттарын қамтитын 4 бөлімді қарастырады:

1) 1-бөлім «Қатынастың вербальді және паравербальді құралдары»;

2) 2-бөлім «Тыңдалым және айтылым»;
3) 3-бөлім «Оқылым»;
4) 4-бөлім «Жазылым».

19. «Қатынастың вербальді және паравербальді құралдары» бөлімі келесідей бөлімшелерді қамтиды:
1) қатынастың вербальді емес құралдары;
2) қатынастың паравербальді құралдары;
3) талдау-жинақтау әрекет.

20. «Тыңдалым және айтылым» бөлімі келесідей бөлімшелерді қамтиды:
1) сөзді түсіну және қабылдау;
2) дыбыс айтуы мен сөздің дыбыстық-буындық құрамын машықтандыру;
3) сөздің семантикалық құрылымын қалыптастыру;
4) грамматикалық түсініктерін қалыптастыру және аграмматизмдерді түзеу;
5) байланыстырып сөйлеу тілін дамыту және түзеу.

21. «Оқылым» бөлімі келесідей бөлімшелерді қамтиды:
1) әріп және буын деңгейіндегі түзету жұмысы;
2) сөз бен фраза деңгейіндегі түзету жұмысы;
3) фраза мен мәтін деңгейіндегі түзету жұмысы;
4) талдап және бағалап оқу;
5) әртүрлі көздерден ақпарат алу.

22. «Жазылым» бөлімі келесідей бөлімшелерді қамтиды:
1) әріп және буын деңгейіндегі түзету жұмысы;
2) сөз бен фраза деңгейіндегі түзету жұмысы;
3) фраза мен мәтін деңгейіндегі түзету жұмысы;
4) дизорфографияны алдын алу және түзету;
5) өзіндік жазбаша сөйлеу тілін қалыптастыру.

23. Оқу жылының басында екі апта ішінде білім алушылардың сөйлеу тілін тексеру ұйымдастырылады. Осы тексеру нәтижелері бойынша логопед білім алушылардың ауызша және жазбаша сөйлеу тілінің бұзылыстарын алдын алу және түзету жұмысын жоспарлайды.

24. Байланыстырып сөйлеуін дамытуда білім алушылардың өзіндік мүмкіндіктері ескеріледі. Байланыстырып сөйлеуін қалыптастыруда білім алушылардың өз ойын накты білдіру, себеп салдар байланысын орнату, әрекеттер мен құбылыстардың реттілігін анықтау дағдаларын дамытуға аса назар аударылады.

## 4 - тарау. Оқыту мақсаттарының жүйесі

25. Бағдарламада оқыту мақсаттары кодтық белгімен көрсетілген. Кодтағы бірінші сан сыныпты, екінші мен үшінші сандар – бөлім мен бөлімшені, төртінші сан оқыту және түзету мақсатының реттік нөмірін

көрсетеді. Мысалы, 5.2.1.4 кодындағы: «5» – сынып, «2.1» – бөлімше, «4» – оқу мақсатының реттік нөмірі.

26. Оқыту мақсаттары бойынша күтілетін нәтижелер:

1-кесте

| Бөлімше | Қатынастың вербальді және паравербальді құралдары» бөлімі | | | | | |
|---|---|---|---|---|---|---|
| | «Оқыту мақсаттары | | | | | |
| | 5-сынып | 6-сынып | 7-сынып | 8-сынып | 9-сынып | 10-сынып |
| 1.1 Қатынастың вербальді емес құралдары | 5.1.1.1 қатынасқа түсі кезінде адамның көңіл күйін аңғару: қуаныш, таңғалу, ұялу, мұң;<br><br>5.1.1.2 жағдаятқа байланысты сөйлеудің вербальді емес құралдарын түсіну, қолдану | 6.1.1.1 суретте бейнеленген кейіпкердің көңіл күйін аңғару: қуаныш, таңғалу, ұялу, мұң; | 7.1.1.1 қатынасқа түсі кезінде нұсқау бойынша бет қимылымен әртүрлі көңіл күйін келтіру: қуаныш, таңғалу, ұялу, мұң;<br><br>7.1.1.2 көрген немесе естіген ақпаратқа өз қатынасын бет қимылы арқылы (қуаныш, мұң, таңғалу) білдіру | 8.1.1.1 көрген немесе естіген ақпаратқа өз қатынасын бет қимылы арқылы (қуаныш, мұң, таңғалу) білдіру;<br><br>8.1.1.2 әртүрлі дене тұрысының мағынасын түсіну («мен өзімді жақсы сезінемін», «менің көңіл күйім жоқ», «мен ойға баттым») | 9.1.1.1 әрекеттің (оқиғаның, одан кейін сезімдердің, көңіл күйдің) себеп салдарын анықтау;<br><br>9.1.1.2 үлгі және сөз нұсқауы бойынша әртүрлі дене тұрысын көрсету («мен өзімді жақсы сезінемін», «менің көңіл күйім жоқ», «мен ойға баттым») | 10.1.1.1 эмоциялық шиеленісу мен сөйлеуге қорқу сезімін жеңе білу;<br><br>10.1.1.2 сөйлеу қарқыны реттеуін білу (жылдамдату немесе баяулату) |
| 1.2 Қатынастың | 5.1.2.1 сөйлеу тіліне | 6.1.2.1 сөйлеу кезінде | 7.1.2.1 сөзде және сөз | 8.1.2.1 сөзтіркестерінің | 9.1.2.1 сөйлемде сұрақ | 10.1.2.1 сөйлеу арқылы |

| | | | | | | |
|---|---|---|---|---|---|---|
| паравербальді құралдары | қатысы жоқ дыбыстарды ажырату және оларды топтастыру; 5.1.2.2 екі немесе үш сөз тіркестерін әуезділігі мен дауыс ырғағына байланысты ажырату; 5.1.2.3 сөйлеу қарқынын, дауыс күшін және жоғары немесе төмен болуын ажырату | диафрагмалды тыныс алуын меңгеру; 6.1.2.2 ауа ағымының күшін дұрыс реттей отырып ауыздан демді дұрыс бағытта шығару 6.1.2.3сөйлеу кезінде дұрыс тыныс алу және дауыс шығару (ауаны дұрыс бөлу) | тіркестерінде логикалық екпінді табу және дауыспен білдіру; 7.1.2.2 сөзбен берілген нұсқау және үлгі бойынша ақырын, қатты шыққан дауыстың, жоғары немесе төмен тондағы дауыстың үлгісін жасау. Сөйлеу кезінде дұрыс тыныс алу. | мазмұны, кідіріске, дауыс ырғағына қарай есту арқылы сұрақ білдіретін сөзді тану; 8.1.2.2 әдеби шығармаларда дауыс ырғағы мен эмоциялық құрамдас бөлігінің өз ара байланысын аңғару | білдіретін сөзді кідіріс және дауыс арқылы білдіру; 9.1.2.2 шығарманың тақырыбына, басты ойына сай дауыс ырғағын келтіре сөйлеу 9.1.2.3 паравербальді құралдарды (ырғақ, жылдамдық, логикалық екпін, кідіріс) қолдану арқылы сұрақ қою; 9.1.2.4 жеке көрсеткіштері бойынша тыныс алу жаттығуларын орындау | қатынасқа түсі мәдениетін білу, сақтау; 10.1.2.2 алдыға қойған белгілі бір мақсатқа жету үшін сөз қарқынын, ырғағын, дауыс ырғағын қолдану (өтініш білдіру, көңіл күйін байқату,мағынасын дәлелдеу); 10.1.2.3 сөйлеу мақсатына қарай сөз тіркестер қатарының ырғағын еске түсіріп қайталау |

| | | | | | | |
|---|---|---|---|---|---|---|
| 1.3 Талдау - жинақтау әрекеті | 5.1.3.1 жанындағы адамның көңіл күйін сезу, серіктестердің бір бірімен қарым-қатынасының жағдайын түсіну; 5.1.3.2 дыбыс, сөз, бейнелер қатарын ұқсастың негізінде құру | 6.1.3.1 монолог немесе диалогтың эмоциялық және дауыс ырғағының байланысын аңғару; 6.1.3.2 7-9 элементтен құралған сериялы сюжетті суреттердің логикалық реттілігін орнату | 7.1.3.1 кейіпкерлердің қылықтарының себептерін түсіндіру, дәлел келтіру; 7.1.3.2 дыбыстар ,сөздер, заттарды топтастыру негізіне алынған белгіні анықтау | 8.1.3.1 дыбыстар, сөздер, заттарды топтастыру негізіне алынған белгіні анықтау | | |

2-кесте

| Бөлімше | «Тыңдалым және айтылым» бөлімі | | | | | |
|---|---|---|---|---|---|---|
| | Оқыту мақсатары | | | | | |
| | 5-сынып | 6-сынып | 7-сынып | 8-сынып | 9-сынып | 10-сынып |
| 2.1 Сөзді түсіну және қабылдау | 5.2.1.1 оқылған қысқа шығарманы, мұқият тыңдап, мазмұнын қабылдап | 6.2.1.1 әртүрлі жанырдағы шығармаларды естіп түсіну және олардың | 7.2.1.1 тыңдалған мәтіннің мазмұнын түсіну, детальді ақпаратты | 8.2.1.1 тыңдалған мәтіннің мазмұнын түсіну, ұсынылған ақпарат бойынша фактi мен | 9.2.1.1 тыңдалған мәтіннің мазмұнын түсіну, ұсынылған ақпаратан астарлы | 10.2.1.1 тыңдалған мәтіннің мазмұнын түсіну, ақпараттың өзектілігін, шынайылығын |

| | | | | | | |
|---|---|---|---|---|---|---|
| | , түсіну; 5.2.1.2 құрбылы рының жауабы неден басталып , аяқталған ын біліп, өз сөзімен айтып беру; 5.2.1.3 хабарлы мәтіннің мазмұны н қабылдап , түсіну | мазмұны бойынша өз ойын білдіру; 6.2.1.2 тыңдалға н мәтіннің мазмұны н түсіну, негізгі және қосымша ақпаратт ы анықтау; 6.2.1.3 тірек сөздер мен жетекші сұрақтар арқылы негізгі ойды анықтау | анықтау ; 7.2.1.2 оқиғала рдың кезектілі гін еске түсіру, кейіпкер лердің іс-әрекетте рін бағалау; 7.2.1.3 шығарм ада бейнелі сөздің орнын түсіну, бағалау | көзқараст ы ажырата білу; 8.2.1.2 мәтіннің құрылым дық ерекшеліг іне назар аудара отырып, жетекші сұрақтар арқылы негізгі ойды анықтау; 8.2.1.3 әлеуметті к-тұрмыст ық, әлеуметті к-мәдени, тақырыпт арға байланыс ты диалог, монологт ардағы (ән мәтіні, хабарлам а, жарнама, хабарлан дыру) көтерілге н мәселені түсіну | ойды анықтау; 9.2.1.2 мәтінде көтерілге н мәселені (тұрмыст ық, әлеуметті к, қоғамдық ) талдай отырып, негізгі ойды анықтау; 9.2.1.3 әлеуметті к-мәдени, ресми-іскери тақырыпт арға байланыс ты диалог, монологт ардағы (нұсқаул ы, құттықта у, хабарлан дыру, өмірбаян, жаңалық) көтерілге н мәселені талдау | зерттеп, қорытынд ы жасау; 10.2.1.2 құрбылары н мұқият тыңдап, сұрақ қоя білу |

| | | | | | | |
|---|---|---|---|---|---|---|
| 2.2 Дыбыс айтуы мен сөздің дыбыстық-буындық құрамын машықтандыру | 5.2.2.1 үлгі бойынша өзбетімен қол саусақтарын ұқалау; 5.2.2.2 тақпақ, өлеңнің ырғағын ажырату; 5.2.2.3 тыныс алу, дауыс, артикуляциялық, бет бұлшықеттерін дамытуға бағытталған жаттығуларды орындау; 5.2.2.4 қойылған дыбыстарды дұрыс айтуында өз өзін бақылау | 6.2.2.1 сөз нұсқаулар бойынша өзбетімен қол саусақтарын ұқалау; 6.2.2.2 жуан, жіңішке дауысты дыбыстарды ажырату; 6.2.2.3 қатаң, ұяң, үнді дауыссыздарды (б-п; т-д; р-л; н-ң), олардың емлесін білу; 6.2.2.4 дыбыстық талдау жасау; 6.2.2.5 сөйлеу аппаратында ауыр бұзылыстары бар балалардан басқалары ана тілінің барлық | 7.2.2.1 дыбыс айтуының тетіктерін нақтылау үшін кинестетикалық және көру талдауытарын қолдану; 7.2.2.2 2-4 элементтерден құылған буын тіркестерін дауысты, дауыссыз дыбыстарын ауыстыра отырып өзгерту; 7.2.2.3 қойылған дыбыстың акустикалық артикуляциялық сипатта | 8.2.2.1 күрделігі әртүрлі ырғақ үлгілерін құру және оқу; 8.2.2.2 берілген ырғаққа сәйкес мәтінді таңдау; 8.2.2.3 дауыссыз дыбыстары қатар келген (жұмыртқа, сауысқан, домбыра) сөздерды айту кезінде қатар тұрған дауссыздарды бірсарынды айту; 8.2.2.4 буын үндестігі туралы білімдерін жетілдіру, іс жүзінде байқатып, сөйлеу тәжірибе | 9.2.2.1 буын тіркестерін дауысты, дауыссыз дыбыстарын ауыстыра отырып өзгерту; 9.2.2.2 буындық құрамы күрделі кезкелген сөздерді анық, тұтас айту(А.К. Маркова бойынша) 9.2.2.3 қазақ тілінің орфоэпиялық нормаларын сақтап, сөйлеу | 10.2.2.1 жалпы және ұсақ моторикасын үйлестуруге арналған жаттығуларды нұсқауға сүйеніп орындау; 10.2.2.2 сөйлеу мәнерлігін сақтау |

| | | | | | | |
|---|---|---|---|---|---|---|
| | | дыбыстарын дұрыс, анық айту | масын білу, артикуляциялық мүшелерінің қажетті қалпын еске түсіріп, көрсете білу; 7.2.2.4 дауыссыз дыбыстардың түрлерін ажырата білу | лерінде дұрыс пайдалану | | |
| 2.3 Сөздің семантикалық құрылымын қалыптастыру сөздің семантикалық құрылымын қалыптастыру | 5.2.3.1 заттың мағнасына қарай қоршаған ортадаңы нысандармен құбылыстарын тану,анықтау, атау; 5.2.3.2 туынды, түбірлес сөздерді еске түсіріп, оларды талдай білу; 5.2.3.3 | 6.2.3.1 зат есімдерді семантикалық белгілері бойынша ажырату; 6.2.3.2 есімдіктерді түсіну және қолдану (жіктеу, сілтеу, өздік, сұрау, болымсыздық). Олардың емлесі; 6.2.3.3 есімдерде | 7.2.3.1 зат есімнің жіктік жалғаулары, олардың жекеше, көпше түрлерін қолдану; 7.2.3.3 омоним, синоним, антоним сөздерін орынды қолдану | 8.2.3.1 етістіктен зат есім тудыратын жұрнақтарды пайдаланып, сөзөзгерту; 8.2.3.2 сан есімнің анықтамасын еске түсіру, мысал келтіру; 8.2.3.3 есептік, реттік сан есімдерді | 9.2.3.1 сын есімнің шырайлары; 9.2.3.2 ауызекі сөйлеуінде түбірлес сөздерді, қарсы мәндес, мағнасы құсас сөздерді қолдану; 9.2.3.3 күрделі сөздердің түрлерін қолдану (біріккен | 10.2.3.1 сын есімнің түрлерін білу, шырайларын ажырату, іс жүзінде қолдану; 10.2.3.2 етістіктің түрлерін ажырата білу, мысалдар келтіру, іс жүзінде қолдану; 10.2.3.3 үстеудің түрлерін ажырата |

| | | | | | | |
|---|---|---|---|---|---|---|
| | түбір және қосымша. Олардың бір-бірінен айырмашылығын еске түсіру; 5.2.3.4 қосымшаның жұрнақ, жалғау болып екіге бөлінуі. Әрқайсысының өзіндік белгілері, қызметін ажырату | н зат есім тудыратын жұрнақтарды қолданып, сөзөзгерту, мағынасына көңіл аудару | | ауызекі сөйлеуіндеорынды қолдану. Есептік және реттік сан есімді ажырата білу | сөздер, құрама сөз, қос сөздер). Олардың емлесін қолдану; 9.2.3.4 етістіктің шақтарын қолдану. | білу, ауызша сөйлеу тілінде қолдану; 10.2.3.4 мәтінде түбірлес сөздерді табу, олардың қай сөз таптарына жататынын анықтау |
| 2.4 Грамматикалық түсініктерін қалыптастыру және аграмматизмдерді түзеу | 5.2.4.1 «сөз», «сөз тіркесі», «сөйлем» ұғымдарын ажырату; 5.2.4.2 сөйлемнің белгілерін білу, атап беру; 5.2.4.3 жай сөйлемді | 6.2.4.1 зат есімдердің септік жалғаулары арқылы түрлендіру; 6.2.4.2 сөйлемнің дара және күрделі мүшелері. Сөйлемдерді | 7.2.4.1 жай сөйлем мен құрмалас сөйлем; 7.2.4.2 оларды өзара салыстыру, ерекшеліктерін байқату, меңгерту; 7.2.4.2 | 8.2.4.1 ауызекі сөйлеу кезінде сапалық сын есімдерді белсенді қолдану; 8.2.4.2 Күрделі синтаксистік құрылымдарды белсенді құру | 9.2.4.1 мектеп және қоғамдық өмір туралы, құрдастарымен, мұғаліммен қарым-қатынасы, сабақтың мазмұны(сыныпта, шеберханада, | 10.2.4.1 әртүрлі сөйлем құрастыру, сөйлем мүшелерін талдау, тыныс белгілерін дұрыс қоя білу; 10.2.4.2 сөйлеу үлгісін құру; 10.2.4.3 ретсіз берілген |

| | | | | | | |
|---|---|---|---|---|---|---|
| | толықтауышпен толықтыру; 5.2.4.4 тірек сөздерді қолдану арқылы сурет бойынша сөйлем құрау; 5.2.4.5 бастапқы формада берілген сөздерден грамматикалық дұрыс құралған сөйлем құрау | сөйлем мүшелеріне талдауға жаттықтыру; 6.2.4.3 сөйлемдегі сөздердің байланысына көңіл бөлу, білу | сабақтас құрмалас сөйлемдерді құрастыру, қолдану Олардың тыныс белгілерін білу; 7.2.4.3 сөйлемге қатысты берілген білімді қайталап, жинақтау | және қолдану; 8.2.4.3 үлгі және сызба бойынша сөйлем құрау | спортзалында) туралы сөйлемдерді құру және түрлендіру; 9.2.4.2 құрмалас сөйлемнің уақыттық –түрлік ережелерін предикативті бірлікте сәйкестендіруді сақтау | сөздерден дұрыс сөйлем құрау |
| 2.5 Байланыстырып сөйлеу тілін дамыту және түзеу | 5.2.5.1 басталған әңгімені жалғастырып, аяқтау; 5.2.5.2 сурет бойынша әңгімені жалғастырып, аяқтау | 6.2.5.1 коммуникативтік жағдаятқа сай эмоционалды сөздерді, дауыс ырғақтары арқылы қыстырма, қаратпа, одағай сөздерді еркін қолданып, | 7.2.5.1 оқыған шығармалар бойынша пікір айтуға машықтандырып, дәлелдей, қорытынды жасай білуге үйрету; 7.2.5.2 | 8.2.5.1 оқыған кітаптарынан білген, көрген, байқаған мағлұматтарды пайдалана отырып ойын жеткізу | 9.2.5.1 диалогтық сөйлеуін дамыту. Сұрақ қоюға жаттықтыру. | 10.2.5.1 мәтіндегі кейіпкерлер, олардың іс-әрекеті, себеп-салдар бойынша (неге осылай болды?) сұрақтарға жауап беру, ойын жеткізу |

| | | | | | | |
|---|---|---|---|---|---|---|
| | | диалогқа даярлықсыз қатысу, өз пікірін білдіру | диалогтық сөйлеу тілін дамыту | | | |

3-кесте

| Бөлімше | «Оқылым» бөлімі | | | | | |
|---|---|---|---|---|---|---|
| | Оқыту мақсаттары | | | | | |
| | 5-сынып | 6-сынып | 7-сынып | 8-сынып | 9-сынып | 10-сынып |
| 3.1 Әріп және буын деңгейіндегі түзету жұмысы | 5.3.1.1 ұқсас әріптері\дыбыстарды ажырату; 5.3.1.2 барлық модальдылықтың: тері-кинестетикалық, көру, тактильді - қозғалыс, есту түйісіктерін қолдана отырып, аралас әріптердің бейнесін және кеңістіктік ұйымдастырылуын | 6.3.1.1 нұсқау бойынша кинезиологиялық жаттығуларды орындау: аралас әріптер бейнесін дене қалпымен және жесттермен ұқсастыру, барлық әріптерді жетекші және жетекші емес қолмен жазу; 6.3.1.2 ұяң, қатаң жұп дауыссыздары бар | 7.3.1.1 элементтерді ауыстыру, арқылы графемаларды түрлендіру тәсілдерін; әріптер мен буындардың орнын ауыстыру арқылы лексемаларды түрлендіруді меңгеру; 7.3.1.2 оппозициялық дыбыстарды\әріптерді қамтитын мәтіндерді оқу кезінде | 8.3.1.1 ысқырық және ызың, ұяң және қатаң, жуан және жіңішке дыбыстарды айту кезінде артикуляция мүшелері қалпының айырмашылығын атау | 9.3.1.1 пароним сөздерде мағынаны ажырататын белгілерді көрсету: ысқырық немесе ызың дыбыс па; ұяң немесе қатаң жұп дауыссыз ба; ұяң дауыссыз ба. | 10.3.1.1 шатастыратын дыбыстардың айтылуымен оқылуын бақылау (жеке көрсеткіштері бойынша) |

| | | | | | | |
|---|---|---|---|---|---|---|
| | тану; 5.3.1.3 мәтіннен бөліп алу және ұяң жұп дауыссыз дары бар сөздерді оқу кезінде дыбысты қ-әріптік талдауды қолдану | сөздерді оқу кезінде дыбысты қ-әріптік талдауды қолдану 6.3.1.3 әріп, буын, сөз материал дарында «коррект уралық сынаман ы» орындау | саналы, мақсатты бағытталған өзара бақылау мен өзіндік бақылауд ы іске асыру | | | |
| 3.2 Сөз бен фраза деңгейі ндегі түзету жұмыс ы | 5.3.2.1 мәтінді бөліктерге бөлу және негізгі ойын анықтау; 5.3.2.2 өзбетімен мәтінде кейіпкерлерді, табиғатты суреттейтін сөздер мен сөзтіркестерін табу; 5.3.2.3 кейіпкерлердің қылықтарын | 6.3.2.1 3-7 элементтерден құралған фразаларды логопедтен кейін қайталау; 5.3.2.2 сөздерді есте сақтау және олардың реттілігін қайта еске түсіру); 6.3.2.3 дыбыстар мен әріптер тобынан | 7.3.2.1 демеулік-шылаулық арқылы меңгеру шеңберінде атаулы сөз таптарының сөз өзгерту парадигмаларын тәжірибелік деңгейде меңгеру; 5.3.2.2 атаулы сөз таптарын жекеше, көпше түрде, септіктерде | 8.3.2.1 ғылыи және көркем мәтіндерді іштей оқу, таныс емес сөздерді белгілеу; 8.3.2.2 атаулы сөз таптарын жекеше, көпше түрде, септіктерде қиыстыру шеңберінде сөз өзгерту парадигмаларын | 9.3.2.1 өз бетінше белгіленген грамматикалық белгілерге бағдарлана отырып, қатардағы артық сөзді табу; 9.3.2.2 көпмағыналы сөздерді мәтінде анықтау, оларды мағынасы ұқсас сөзбен | 10.3.2.1 тіл ерекшеліктерін меңгеру, қызығушылық таныту; 10.3.2.2 аналогия бойынша оқыған мәтінді мазмұндау; 10.3.2.3 өзінің және сыныптастарының оқуында орфоэпиялық нормаларды және дыбыстар |

| | | | | | | |
|---|---|---|---|---|---|---|
| | түсініп, олардың ойы, сезімдері мен салыстыру; 5.3.2.4 тірек сөздер арқылы мәтін мазмұнын еске түсіру | сөздерді бөліп алу; 6.3.2.4 сөздің басы бойынша толық сөзді табу; 6.3.2.5 жаңа сөздерді ойлаған кезде сөзжасам құралдарын қолдану | қиыстыру шеңберінде сөз өзгерту парадигмаларын тәжірибелік деңгейде меңгеру; 7.3.2.3 оқуға байланысты әртүрлі тапсырмаларды орындау негізінде бағалау; 7.3.2.4 қағида бойынша жаңа ғылыми мәліметтерді саралау: нені білді, нені енді білді, нені білгісі келді | тәжірибелік деңгейде меңгеру | ауыстыру; 9.3.2.3 жаңа сөздерді жасау кезінде көптеген сөзжасамдық құралдарды дұрыс қолдану | ды дұрыс айтуын бақылау |
| 3.3 Фраза мен мәтін деңгейіндегі түзету жұмыс | 5.3.4.1 мәтін мазмұнын түсіну.Мәтіннің мазмұны бойынша | 6.3.4.1 мәтін мазмұнын түсінуге, нақты ақпараттарды | 7.3.4.1 мәтіннен негізгі ақпаратты анықтауға бағытталғ | 8.3.3.1 мәнерлеп шапшаң оқу: мәтіннің мазмұы мен мағынасы | 9.3.3.1 мәтіннің мазмұнын жоспар бойынша, толық, қысқа, теріп | 10.3.3.1 қазақ классиктерінің әдеби шығармаларынан қысқа |

| | | | | | | |
|---|---|---|---|---|---|---|
| ы | өзбетімен қарапайым және нақты сұрақ қою, сұраққа жауап беру | анықтауға бағытталған сұрақтар құрастыру | ан нақтылау сұрақтарын құрастыру | на сәйкес интонация мен сөз қарқыны (кідіріс, логикалық ойлау дауыс сарыны); 8.3.3.2 мәтін ішінде өткір сөздерді, көркем анықтамалар мен салыстырма сөздерді табу; 8.3.3.3 аудио және видео таспаға жазылған балаларға арналған шығармаларды тыңдау. Неізгі ойын анықтау; 8.3.3.4 жай және күрделі сөйлемдердің грамматикалық | айту; 9.3.3.2 әдеби сөздің нормаларын сақтай отырып саналы түрде дауыстап дұрыс оқу; 9.3.3.3 тыңдалған мәтіннің мазмұнын түсіну, ұсынылған ақпараттан астарлы ойды анықтау; 8.3.3.4 кейіпкерлердің түрлі эмоциялық жағдайын көрсету | үзінділерді интонацияларын сақтап, мәнерлеп саналы түрде оқу; 10.3.3.2 өз бетімен әдеби шығармалардағы кейіпкерлердің сөздерін рөлге бөліп оқу; 10.3.3.3 аудио және видео таспаға жазылған әртүрлі жанырдағы материалды тыңдау. Түсіну. Қысқаша негізгі ойын жеткізу |

| | | | | | | |
|---|---|---|---|---|---|---|
| | | | | ерекшеліктерінажырату | | |
| 3.4Талдап және бағалап оқу | 5.3.4.1 көркем шығармалардағы мәліметтерді шынайы болған тарихи оқиғалармен сәйкестендіру; 5.3.4.2 кейіпкерлердің сырт келбетіне салыстырмалы сипаттама беру, оқыған бойынша өз ойын жеткізу | 6.3.4.1 өз бетінше немесе логопедтің көмегімен шығармадағы негізгі әрекет етуші тұлғалардың мінез-құлқы мен жүріс-тұрысына мінездеме беру; 6.3.4.2 кейіпкерлердің әрекеттерін, әрекеттерінің себептерін, сезімдерін түсініп, салыстыру | 7.3.4.1 басқа білім алушының ауызша жауабының мағынасын жылдам меңгеру; 7.3.4.2 орындаған тапсырмалар бойынша оқу әрекетінің табыстылық өлшемдері негізінде өз өзін бағалау | 8.3.4.1 көркем шығарманы толық қабылдау, оқығанына эмоционалды жауап қайтару; 8.3.4.2 мәтіндегі сөз мағынасының ерекшеліктерін ажырату | 9.3.4.1 кейпкерлердің мінез-құлығының ерекшеліктерін мәтіннен мысал келтіріп, сипаттап беру; 9.3.4.2 өзбетінше кейіпкерлерге салыстырма мінездеме беру | 10.3.4.1 тыңдалған мәтіннің мазмұнын түсіну, ұсынылған ақпараттан астарлы ойды анықтау; 10.3.4.2 мәтін бойынша проблемалық сұрақтар құрастыру |
| 3.5 Әртүрлі көздерден ақпара | 5.3.5.3 оқулықтың анықтамалық деректері | 6.3.5.2 мектептің энциклопедиялық, фразеологиялық, | 7.3.5.2 энциклопедиялар, балаларға арналған газет- | 8.3.5.2 энциклопедия, сөздік, балаларға арналған | 9.3.5.2 ғаламтор, энциклопедия, газет-журналда | 10.3.5.2 ғаламтор, энциклопедия, газет-журналда |

| | | | | | | |
|---|---|---|---|---|---|---|
| т алу | н өзбетінше қолдану | орфографиялықсөздіктенақпараттардыіздеу | журналдардан қажетті ақпаратты ала білу | газет-журналдардан қажетті ақпараттарды алу | р, оқулықтардан алынған деректерді алу | р, оқулықтардан алынған деректерді алу |

4-кесте

| Бөлімше | «Жазылым» бөлімі | | | | | |
|---|---|---|---|---|---|---|
| | Оқыту мақсаттары | | | | | |
| | 5-сынып | 6-сынып | 7-сынып | 8-сынып | 9-сынып | 10-сынып |
| 4.1Әріп және буын деңгейіндегі түзету жұмысы | 5.4.1.1 1-3 секунд аралығында сызылған бас әріп, кіші әріптерді тану және атау; 5.4.1.2 бірдей элементтердің әртүрлі саны бар графемаларды ажырату (п-т,л-м,і-и, и-ш); 5.4.1.3 бірдей элементтері бар, бірақ кеңістікте әртүрлі орналасқан | 6.4.1.1 барлық әріптерді жетекші қолмен жазу; 6.4.1.2 бір қосымша элементі бойынша графемаларды ажырату (ц-и, г-ғ, ү-ұ, о-ө, н-ң, к-қ, х-с); 6.4.1.3 бірдей элементтері бар, бірақ кеңістікте әртүрлі орналасқан графемаларды ажырату (п-р,ү-у, | 7.4.1.1 барлық әріптерді көзі ашық және жабық кезінде жазу; 7.4.1.2 бірдей элементтердің әртүрлі саны бар графемаларды ажырату (п-т,л-м,і-и, и-ш); 7.4.1.3 бірдей элементтері бар, бірақ кеңістікте әртүрлі орналасқан графемаларды ажырату; | 8.4.1.1 нұсқау бойынша кинезиологиялық жаттығуларды орындау: аралас әріптер бейнесін дене қалпымен және жесттермен ұқсастыру, барлық әріптерді жетекші және жетекші емес қолмен жазу; 8.4.1.2 сызықтық және позициялық үлгінің | 9.4.1.1 кинетикалық дисграфияны алдын алу мақсатымен барлық графемаларды, олардың элеметтерінің байласынтарын дұрыс жазуын қадағалау; 9.4.1.2 фонематикалық дисграфияны алдын алу мақсатымен барлық | 10.4.1.1 графикалық тәртіптің негізгі ережелерін сақтау; 10.4.1.2 сөздердің дыбыстық – әріптік құрамын қатесіз жазу |

| | | | | | | |
|---|---|---|---|---|---|---|
| | графемаларды ажырату (п-р, ү-у, ұ-у, и-у, б-д; с-э, е-ә); 5.4.1.4 бірдей элементтердің әртүрлі саны бар графемаларды ажырату (п-т,л-м,і-и, и-ш) | ұ-у, и-у, б-д; с-э, е-ә); 5.4.1.4 ызың, ысқырық, ұяң, қатаң дыбыстардың артикуляциялық қалпын ажырату; 6.4.1.5 аралас әріптерді ажырататын, «тірек», «сигналдық» белгілерді өз бетінше бөліп алу | 7.4.1.4 берілген оппозициялық дыбыстармен буындармен сөз құрастыру; 7.4.1.5 қазақ тілінің барлық дыбыстарынөзбетінше жазуда ажырату | қажеттігі кезінде бірқатарға орналастыра отырып, сөздің дыбыстық-буындық құрамын талдау | графемаларды, олардың элементтерінің байласынтарын дұрыс жазуын қадағалау | |
| 4.2 Сөз бен фраза деңгейіндегі түзету жұмысы | 5.4.2.1 жазу техникасын жетілдіру | 6.4.2.1 сөйлеутіліндежәне жазудаакустикалық-артикуляциялыққалыптуралыбілімдергесүйене отырып, аффрикаттарды [ц]-[ч], [ц]-[ть], қуыстық | 7.4.2.1 жазбаша сөйлеу тілінде ұяң, қатаң дыбыстары бар пароним сөздерді ажырату | 8.4.2.1 көмекші сөздерді басқа сөздерден ажырату | 9.4.2.1 орфографиялық режимнің ережелерін сақтау (сөйлемде барлық сөздер бөлек жазылады); 9.4.2.2 өз бетінше сөйлеуінде | 10.4.2.1 кез келген сөздің дыбыстық, буындық құрамын қатесіз еске түсіру; 10.4.2.2 сөзжасам, сөзөзгерту дағдыларын еркін |

| | | | | | | |
|---|---|---|---|---|---|---|
| | | [щ]-[с’], африкаттардыжәне қуыстықдыбыстарды [ч]-[щ], [щ]-[ч]-[ц]; [к]-[к],[қ]-[ғ], [ү]-[ұ ], [о]-[ө ]ажырату, | | | қосымша сөздерді дұрыс қолдану | қолдану |
| 4.3 Фраза мен мәтін деңгейіндегі түзету жұмысы | 5.4.3.1 есту арқылы мәтінді сөйлемге, сөйлемді сөзге бөлу; 5.4.3.2 шағын мазмұндама жаза білу | 6.4.3.1 таныс емес тыныс белгілері қойылмаған мәтінді сөйлемге бөлу; 6.4.3.2 сын есімді қолданып заттарға сипаттама жаза білу | 7.4.3.1 түрлі жанрдағы мәтіндерді ажырата білу, мазмұнын түсіну, жазу; 7.4.3.2 графикалық тіректер бойынша мәтін құрастыру | 8.4.3.1 атаулы сөз таптарын жекеше және көпше түрде, септікте сәйкестендіру | 9.4.3.1 грамматикалық белгілерге бағдарлана отырып, меңгеру түріндегі сөз тіркестерінде таныс немесе таныс емес зат есім жалғауларының жазылуын анықтау | 10.4.3.1 зат есімнің, сын есімнің, есімдіктің, сан есімнің және етістіктің жалғауларына берілген орфографиялық тапсырмаларды анықтама бойынша шешу |
| 4.4 Дизорфографияны алдын алу және түзету | 5.4.4.1 жалпы және жалқы есімдерді жазу және естіп ажырату; | 6.4.4.1 жалқы есімдерді дұрыс жазу; 6.4.4.2 әртүрлі күрделі буындар | 7.4.4.1 жат жазу кезінде қазақ тілінің орфографиялық ережелерін сақтау | 8.4.4.1 реферат жазу, сұхбаттасу кезінде орфографиялық және пунктуац | 9.4.4.1 барлық шығармашылық тапсырмаларды орындау барысында өз өзін | 10.4.4.1 шығарма, эсседе жазған өз ойын, пікірін дәлелдей білу |

| | | | | | | |
|---|---|---|---|---|---|---|
